Life's Good

ҚАЗАҚ ТІЛІ

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

# Сымсыз саундбар

Құрылғыны пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және болашақта қолдану үшін сақтап қойыңыз.

LAS550H (LAS550H, S55A2-D)
LAS551H (LAS551H, S55A1-D)

www.lg.com

# Қауіпсіздік туралы ақпарат




**АБАЙ БОЛЫҢЫЗ:** ТОҚ СОҒУ ҚАУПІН АЗАЙТУ ҮШІН ҚАҚПАҒЫН (НЕМЕСЕ АРТҚЫ ЖАҒЫН) АШПАҢЫЗ ІШІНДЕ ПАЙДАЛАНУШЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕ АЛАТЫН БӨЛІКТЕР ЖОҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ БІЛІКТІ МАМАНДАРҒА ТАПСЫРЫҢЫЗ.



Тең бұрышты үшбұрыш ішіндегі жебе-басты найзағай белгісі өнім қабының ішінде тоқ соғу қаупіне жеткілікті шамасы бар оқшауланбаған қауіпті кернеу бар екенін пайдаланушыға ескерту үшін арналған.



Тең бұрышты үшбұрыш ішіндегі леп белгісі өніммен бірге берілетін құжаттамада маңызды пайдалану және қызмет көрсету (жөндеу) нұсқаулары бар екенін пайдаланушыға ескертуге арналған.

**ЕСКЕРТУ:** ӨРТ НЕМЕСЕ ЭЛЕКТР ТОҒЫНЫҢ СОҒУЫН БОЛДЫРМАУ ҮШІН БҰЛ ӨНІМДІ ЖАҢБЫРЛЫ НЕМЕСЕ ЫЛҒАЛ ЖЕРДЕ ҚОЛДАНБАҢЫЗ.

**Ескерту:** Құрал суға (тамшылайтын немесе шашырайтын) жерлерге қоюға және оның үстіне ваза сияқты суға толы заттарды қоюға болмайды.

**ЕСКЕРТУ:** Бұл жабдықты кітап сөресі немесе соған ұқсас тұйық жерге орнатпаңыз.

**АБАЙ БОЛЫҢЫЗ:** Желдетуге арналған саңылауларды жаппаңыз. Өндірушінің нұсқаулығы бойынша орнатыңыз. Құрылғыдағы саңылаулар мен ашық жерлер желдету үшін, өнімнің сенімді қызметін қамтамасыз ету үшін және қызып кетуден сақтау үшін жасалған. Өнімді төсекке, диванға, кілем немесе сол секілді жерлерге қойып, саңылауларын жауып тастауға болмайды. Дұрыс желдету қамтамасыз етілмесе немесе нұсқаулығында арнайы нұсқау берілмесе, өнімді еш уақытта орнатылған кітап сөресі сияқты жерлерге орналастырмаңыз.

**Қоректік бауына байланысты ескерту**

Көптеген құрылғыларды арнайы арнада орнату ұсынылады;

Яғни, ол электр қуатын тек сол құрылғыға беретін және қосымша розеткалар не бөліп тұратын желілері жоқ жалғыз қуат көзі. Сенімді болу үшін осы пайдаланушы нұсқаулығының техникалық сипаттамалар бетін қараңыз. Дуал розеткасына шамадан тыс жүктеме түсірмеңіз. Шамадан тыс жүктеме түскен розеткалар, дұрыс бекітілмеген немесе зақымдалған розеткалар, ұзартатын кабельдер, тозған қуат кабельдері немесе бүлінген кабельді изоляциялау қауіпті. Осы жағдайлардың кез келгені электр тоғының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін. Кезеңді түрде құрылғының кабелін тексеріңіз және онда зақым немесе бүліну болса, оны ажыратып, құрылғыны пайдалануды тоқтатыңыз және өкілетті қызмет көрсету орталығында кабельді дәл сондай кабельге ауыстырыңыз. Қуат кабелін бүгілу, оралу, қысу, есікке қысылу немесе басып өту сияқты физикалық немесе механикалық зақымнан қорғаңыз. Штепсель айырларына, дуал розеткаларына және кабельдің құрылғыдан шығу нүктесіне ерекше көңіл аударыңыз. Қуат ашасы - ажыратқыш құрылғы. Төтенше жағдайда Қуат ашасы оңай қолжетімді болуы керек.

**Ескерту:** Өнім анықтамасы және үйлесімділік/қауіпсіздік белгілері туралы ақпаратты ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ астындағы негізгі жапсырмадан қараңыз.

Бұл құрылғы алынатын батареямен немесе аккумулятормен жабдықталған.

**Батареяны құрылғыдан қауіпсіз шығару:** Ескірген батареяны немесе батарея бумасын алып тастаңыз да, қадамдарды жиналу барысына қарағанда теріс ретімен орындаңыз. Қоршаған ортаның ластануын және адамдар мен жануарлар денсаулығына қауіп келтірмеу үшін ескі батареяны немесе батарея бумасын арнайы жинайтын жерлердегі сәйкес контейнерге салыңыз. Батареяларды және батарея бумаларын әдепкі қоқыспен бірге лақтырмаңыз. Жергілікті жаңа батарея мен аккумуляторға тегін ауыстыру жүйесін пайдалануды ұсынамыз. Батареяны күн жарығының, оттың немесе сол сияқты қатты ыстықтың әсеріне ұшыратуға болмайды.

# Мазмұны


## 1 Бастау

3 Қауіпсіздік туралы ақпарат
6 Бірегей мүмкіндіктер
6 Кіріспе
6 – Осы нұсқаулықта пайдаланылатын таңбалар
6 Керек-жарақтар
7 Қашықтан басқару пульті
8 Алдыңғы панель
8 Артқы панель
9 Дыбыс тақтасын орнату
9 – Қақпақ табанды орнату
10 Негізгі құрылғыны қабырғаға орнату

## 2 Қосылу

12 Сымсыз сабвуфердің қосылуы
13 Теледидарға қосылу
13 – ОПТИКАЛЫҚ кабельді пайдалану
13 – HDMI кабелін пайдалану
14 – Дыбыс панелі арқылы арнаның кең ауқымды дыбыс трансляциясын тамашалай аласыз
14 – SIMPLINK деген не?
15 – ARC (Аудио қайтару каналы) функциясы
15 – HDMI туралы қосымша ақпарат
16 Қосымша жабдықты жалғау
16 – HDMI қосылымы
17 – ОПТИКАЛЫҚ қосылу
17 – ТАСЫМАЛЫ КІРІС байланысы
18 – USB қосылымы
18 – Сыйымды USB құрылғылары
18 – USB құрылғысының талаптары
19 – Ойнатылатын файл

## 3 Іске қосу

20 Негізгі жетелер
20 – USB әрекеті
21 Басқа әрекеттер
21 – DRC (Динамикалық ауқымды бақылау)
21 – AV Sync (үндестіру)
21 – Дыбысты уақытша өшіре тұру
21 – Файл және енгізу қайнар көзін көрсету
21 – Авто көмескілеу құралы
22 – Теледидарыңыздың қашықтан басқару пультін пайдалану
23 – AUTO POWER қосу/өшіру
24 – Функцияны автоматты түрде өзгерту
25 – LG Дыбысты Сәйкестендіру
26 BLUETOOTH® технологиясын пайдалану
27 – Bluetooth құрылғыларында сақталған өлеңді тыңдау
28 BLUETOOTH қолданбасын пайдалану
28 – “Music Flow Bluetooth” қолданбасын Bluetooth құралыңызға орнатыңыз
29 – BLUETOOTH мүмкіндігін “Music Flow Bluetooth” қолданбасы арқылы іске қосыңыз
30 Дыбысты реттеу
30 – Дыбыстық әсерді орнату
30 – Дыбыс деңгейі автоматты түрде таңдалады
31 – Сопрано/Бас/Сабвуфер жиіліктерін реттеу
31 – Түңгі режим

## 4 Ақаулықтарды жою

32 Ақаулықтарды жою

## 5 Қосымша

34 Сауда белгілер мен лицензиялар
35 Сипаттамалар
37 Техникалық қызмет көрсету
37 – Құрылғыны қолдану

# Бірегей мүмкіндіктер

### Автоматты қоректендірудің төмендеуі

Бұл құрылғы электр тоқ қуатын үнемдеу мақсатында өздігінен өшіріледі.

### Portable In (тасымалы құрылғы ұясы)

Тасымалы құрылғыңыздан саз тыңдаңыз. (MP3, ноутбук, т.б.)

### LG Дыбысты Сәйкестендіру

Сіздің LG Теледидарыңыз қашық тықтаң басқару құрылысы арқылы дауыс қаттылығы LG Дыбысты сәйкестендіру арқылы жүзеге асады.

# Кіріспе

## Осы нұсқаулықта пайдаланылатын таңбалар

Ескерту

Арнайы ескертулер және операциялық қызметтерді көрсетеді.


АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Дұрыс пайдаланбаудан болатын бұзылудың алдын алу үшін ескертулерді көрсетеді.


# Керек-жарақтар

Қамтамасыз етілген керек-жарақтарды анықтап, тексеріңіз.


Керек-жарақтардың сұлбалары мен техникалық сипаттары ескертусіз өзгертілуі мүмкін.




Қашықтықтан басқару пульті (1)




Батареялар (2)




Қабырға кронштейні (2)



Қабырға кронштейнін орнату бағыттағышы (1)




Бұранда (2)




Қақпақ табан (2)

# Қашықтан басқару пульті




## Батареяны ауыстыру




Қашықтан басқару пультінің артқы жағындағы батарея қақпағын алыңыз да, екі R03 (AAA өлшемді) батареяны ⊕ және ⊖ дәл келтіріп салыңыз.

• • • • • • • • • • **1** • • • • • • • • • •

⏻ (Қуат) **:** құрылғыны ҚОСАДЫ немесе ӨШІРЕДІ. / Күту режиміне ауыстырады.

**F :** функция мен кіріс көзін таңдайды.

**SOUND EFFECT :** дыбыс әсерінің режимін таңдайды.

**VOL +/— :** динамиктің дыбыс деңгейін реттейді.

☾ (Түнгі режим) **:** түнгі режимді қосады немесе өшіреді.

🔇 (Дыбыссыз режим) **:** дыбыссыз режимге қояды.

**:** жоғары жиіліктер, бас және сабвуфердің дыбыс деңгейін реттейді.

• • • • • • • • • • **2** • • • • • • • • • •

**⏮ / ⏭** (Өткізу/Іздеу) **:**
- Артқа не алға тез айналдырады.
- Файлдағы бөлімді іздейді.

**⏯** (Ойнату/кідірту)**:** файлды ойнатады. / файлды кідіртеді.

**FOLDER +/— :** USB құрылғысындағы қалтаны іздейді.


**REPEAT :**
- Файлдарыңызды қайталап немесе кездейсоқ тыңдаңыз.
- Файлдың немесе кіріс көзі туралы ақпаратты көрсетеді. (21-бетті қараңыз)

**AUTO VOL :** АВТОМАТТЫ ДЫБЫС ДЕҢГЕЙІ режимін қосады немесе өшіреді.

**AV SYNC :**
- Аудио және бейнені синхрондайды.
- ТД-ды қашықтан басқарады (22-бетті қараңыз)

**AUTO POWER :** АВТОМАТТЫ ҚУАТ функциясын қосады және өшіреді. (23-бетті қараңыз.)

# Алдыңғы панель




1 Терезені көрсету
LED күту режімінде
Күту режимінде қызыл түспен жанады.


2 Қашықтан басқару сенсоры

3 ⏻ / I (Күту режимі/қосулы)

4 **F** (жете)
Функция мен кіріс сигнал көзін таңдайды.

5 — / + (Дыбыс деңгейі)
Дыбыс деңгейін реттейді.

# Артқы панель




1 Қуат сымы

2 **HDMI IN / OUT (TV ARC) :** HDMI арналған кіріс/шығыс

3 USB порты


4 **PORTABLE IN :** Жылжымалы кірістер

5 **OPTICAL IN :** Оптикалық кірістер

# Дыбыс тақтасын орнату

Құрылғыны басқа жабдыққа қосу арқылы дыбыстарды тыңдауға болады : ТД, Blu-ray диск ойнатқыш, DVD ойнатқыш, т.б.

Құрылғыны ТД-дың алдына орналастырып, оны қажетті жабдыққа жалғаңыз. (13 - 18 беттерді қараңыз)




⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- Bluetooth немесе сымсыз сабвуфер секілді сымсыз байланыстың өнімділігін жақсарту үшін құрылғыны металды жиһазға қондырмаңыз, өйткені сымсыз қосылыс құрылғының астыңғы бөлігінде орналасқан модуль арқылы өзара әрекеттеседі.
- Құралды/Сабвуферді орнатқанда немесе жылжытқанда олардың бетін сырып алмау үшін абай болыңыз.

## Қақпақ табанды орнату


Қақпақ табанның көмегімен құралдың биіктігін көтере аласыз. (Биіктігі : 17 мм)



1. Құралды төңкеріңіз.
2. Қақпақ табанға бекітілген жапсырманы ашыңыз. Содан кейін оны құралдың аяғына орнатыңыз.
3. Мықтап орнату үшін, орташа күшпен қақпақ табанды басыңыз.

# Негізгі құрылғыны қабырғаға орнату


Негізгі құрылғыны қабырғаға орнатуға болады.




⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Осы құрылғыны орнатқаннан кейін жалғау қиын болатындықтан, кабельдерді орнатпас бұрын жалғау керек.


## Дайындау материалдары




1. Қабырға кронштейнін орнату бағыттағышындағы ТЕЛЕДИДАРДЫҢ ТӨМЕНГІ ШЕТІН теледидардың негізімен үйлестіріңіз және де сол күйде бекітіңіз.





2. Қабырғаға (бетон) орнатқаныңызда қабырға ілгектерін пайдаланыңыз. Бірнеше тесік жасау қажет болады. Бұрғылау үшін орнату парағы (Қабырға кронштейнін орнату бағыттағышы) қамтамасыз етілген. Парақты пайдаланып, бұрғылау нүктесін анықтаңыз.




3. Қабырға кронштейнін орнату бағыттағышын алып тастаңыз.


4. Кронштейнді төмендегі иллюстрацияда көрсетілгендей бұрандалармен (**A**) бекітіңіз.




**Ескерту**

Өнімді бекіту үшін шуруптар (**A**) мен Қабырға ілгектері қамтамасыз етімлмейді. Орнату үшін Hilti (HUD-1 6 x 30) ілгектерін пайдалануды ұсынамыз.

5. Бөлшекті оның жиегіндегі бұранданың қуыстарымен дәл келетіндей етіп кронштейнге орнатыңыз.



6. Бөлшекті бұрандалармен жақсылап бекітіңіз.



**Ескерту**

Бөлшектерді бөлшектеу үшін барлық амалдарды кері тәртіппен орындаңыз.

**АБАЙ БОЛЫҢЫЗ**

- Бұл құрылғыны аяғы аспанға етіп орнатпаңыз. Бұл осы құрылғының бөлшектерін зақымдануы мен жеке бастың жарақаттануына әкелуі мүмкін.
- Орнатылған бұйымға асылмаңыз және бұйымды соққыдан сақтаңыз.
- Бұйым түсіп қалудың алдын алу үшін қабырғаға тұрақты орнатыңыз. Егер бұйым түсіп кететін болса ол жарақат алуға не өнімнің бұзылуына алып келуі мүмкін.
- Өнім қабырғаға орнатылғанда балалар кез келген қосылған кабельдерін тартып алудың алдын алңыз себебі ол түсіп кетуіне себеп болуы мүмкін.

# Сымсыз сабвуфердің қосылуы

## Сымсыз сабвуфердің ЖШД көрсеткіші

| ЖШД Түсі | Күйі |
|---|---|
| Сары-жасыл (жыпылық) | Жалғауға әрекеттеніңіз. |
| Сары-жасыл | Қосылым аяқталды. |
| Қызыл | Сымсыз сабвуфер күту режимінде немесе қосыла алмады. |
| Өшірулі (Көрсетілмейді) | Сымсыз сабвуфердің қуат сымы ажыратылған. |

## Сымсыз қабылдағышты алғаш рет орнату


1. Сымсыз сабвуфер қуаттану сымын розеткаға қосыңыз.
2. Негізгі құрылғыны қосыңыз: Негізгі құрылғы және сымсыз сабвуфер автоматты түрде қосылады.

## Сымсыз сабвуферді қолмен қосақтау

Сіздің қосылуыңыз аяқталмады, Сіз қызыл LED немесе сары-жасыл жанып-өшетін LED сымсыз сабвуферде көре аласыз және сабвуфер дыбыс шығармайды. Ақаулықты шешу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Негізгі бөлшектің дыбыс деңгейін ең аз мөлшермен ретке келтіріңіз.
   - "VOL MIN" дисплей терезесіне шығады.
2. Қашықтан басқару пультіндегі (Дыбыссыз режим) басып, 3 секунд жақын ұстап тұрыңыз
   - Дисплей терезесінде қысқа уақытқа “WL RESET” жазуы көрсетіледі және негізгі құралда қызыл жарық диоды жыпылықтайды.
3. Егер сымсыз сабвуфердің LED ендігі ұдайы сары-жасыл түспен жанып-өшсе, Сіз бұл қадамды өткізіп жіберіңіз

   Сымсыз қабылдағыштың артындағы **PAIRING** түймесін 5 секундтан артық басып тұрыңыз.



   - Сымсыз сабвуфердің LED қызыл және сары-жасыл түспен іріктемелі түрде жанып-өшеді.
4. Бөлшектің және сымсыз сабвуфердің қуат көзін ажыратыңыз.
5. Негізгі бөлшектің LED мен сымсыз сабвуфер толық ажыратылғаннан кейін оларды қайта жалғаңыз.

   Сіз детальді қосқан кезде, деталь және сымсыз сабвуфер автоматты түрде ұштастырылады.
   - Байланыс орнатылған кезде Сіз сабвуферден сары-жасыл LED көре аласыз.

**Ескерту**


- Құрылғы мен сабвуфер арасында қосылым бірнеше секунд ішінде (одан көп болуы мүмкін) жасалады.
- Бөлшек пен сабвуфер жақындаған сайын дыбыстың да сапасы жақсара түседі. Бөлшек пен сабвуферді мүмкіндігінше жақын орнатуды және төменде көрсетілген жағдайлардан аулақ болуды ұсынамыз.
  - Объекті мен сабвуфер арасында бөгет/ кедергі бар
  - Берілген сымсыз қосу арқылы сол жиілікті пайдаланатын құрылығылар бар, мысалы медициналық жабдықтар, микротолқынды пештер немесе LAN сымсыз құрылғысы.

# Теледидарға қосылу

Теледидардың орналасуына сәйкес оптикалық сандық сым желіні немесе HDMI сым желіні қолдану арқылы бұл құрылғыны және теледидарды қосуды өтінеміз.

## ОПТИКАЛЫҚ кабельді пайдалану

1. Құрылғының артқы жағындағы OPT. IN ұяшығын ТД-дағы OPTICAL OUT ұяшығына OPTICAL сымды қолданып қосыңыз.




2. **F** түймесін қайта-қайта басу арқылы кіріс көзі үшін OPTICAL режимін таңдаңыз.


**Ескерту**

- Оптикалық кабельді жалғамас бұрын, кабельдің қақпағы болса, қорғаныш бітеуіш қақпағын алып тастаңыз.
- Сіз бұл құрылғының дыбыс үндеткіштері арқылы теледидардың дауысын тамашалай аласыз. Алайда, сіз теледидарлардың кейбір модельдерінде мәзірде көрсетілген теледидардың сыртқы үндеткіштерін таңдауыңыз қажет. (Қосымша ақпараттар үшін Теледидарыңыздың нұсқаулығына назар аударыңыз.)
- Дыбысты осы құрылғы бойынша тыңдау үшін ТД-дың дыбыс шығысын орнатыңыз : ТД параметрі мәзірі → [Дыбыс] → [ТД дыбыс шығысы] → [Сыртқы үндеткіш (Оптикалық)]
- ТД параметрі мәзірінің мәліметтері ТД өндірушілеріне немесе үлгілеріне байланысты өзгереді.

## HDMI кабелін пайдалану

Егер сіз HDMI CEC және ARC (реверсивтік дыбыстық арна) қолдайтын бұл құрылғыны және теледидарды қосқанда,

сіз оптикалық сым желіні қоспай-ақ, дыбыс үдеткіштер көмегімен теледидар дауысын тамашалай аласыз. Теледидарыңыздың HDMI CEC/ARC функциясын тексергенде, теледидар пайдаланушының нұсқаулықтарына жүгініңіз.




**Ескерту**

- HDMI CEC (Тұтынушы Электронды Басқару) : Қолдану мүмкіндігі бар жалғыз қашықтан басқару. CEC сәйкес келетін құрылғылар (Теледидар, Дауыс Бары, Blu-ray ойнатқышы, ж.т.б.)
- Қашықтан басқару пультіндегі немесе құрылғыдағы **F** түймесін басу арқылы USB / **Bluetooth** сияқты қосымша функцияларды пайдалана аласыз. Осы аудио жүйенің қосымша функцияларын (USB / Bluetooth) пайдаланғаннан кейін теледидар арналарына қайта оралған кезде Сіз осы жүйе дыбысының рахатына қайта кенелу үшін теледидардағы ұнататын спикеріңізді таңдай аласыз.

### HDMI сым желілік басқару тізімі

Бұл құрылғыны және теледидарды қосқанда дауыстың жоқтығы немесе тоқтату немесе шу салдарынан дауыстың пайда болуы HDMI сым желіден туған мәселеге тиісті болып табылады. A типі, Ethernet бойынша жоғары жылдамдықтағы сым желі HDMI™ тексерген соң, бұл құрылғыны және теледидарды қосыңыз.




## Дыбыс панелі арқылы арнаның кең ауқымды дыбыс трансляциясын тамашалай аласыз

### HDMI-кабель арқылы қосылу

HDMI-кабельдің есебінен аудио жүйенің арқасында тікелей эфир арнасының артықшылықтарын толығымен бағалау үшін, Сіздің теледидарыңыз ең жаңа HDMI-функцияларын қолдауы тиіс HDMI CEC[1] / ARC (реверсивтік дыбыстық арна)). Егер Сіздің теледидар мұндай HDMI-функцияларын қолдамайтын болса, телеарнаның тиімді жанды дыбысына қол жеткізу үшін бұл аудио жүйе Сіздің теледидарыңызға - HDMI-кабельдің орнына ОПТИКАЛЫҚ кабель арқылы қосылуы тиіс.

1) HDMI CEC (айқындығы жоғары деңгейдегі мультимедиялық интерфейс, қашықтан басқару хаттамасы)

Қашықтан басқару хаттамасы (CEC) - олардың қашықтан басқару құралдарының тек біреуінің ғана көмегімен HDMI арқылы қосылатын, CEC қолдауы бар құрылғыларға пайдаланушының пәрмендер беруіне және оларды басқаруына мүмкіндік беретін HDMI-функция болып табылады.

※ CEC үшін сауда белгілері - SimpLink (LG), Anynet+ (Samsung), BRAVIA Sync/ Link (Sony), EasyLink (Philips), EZ-Sync/ VIERA Link (Panasonic), т.б.

## SIMPLINK деген не?

Осы құрылғы мен SIMPLINK мүмкіндігі бар LG теледидары HDMI қосылымы арқылы жалғанған кезде, осы құрылғының кейбір функцияларын теледидардың қашықтан басқару пультімен басқаруға болады.

LG теледидарының қашықтан басқару пульті арқылы басқаруға болатын функциялар : Қуатты қосу/өшіру, дыбыс деңгейін көтеру/азайту, дыбыссыз режим, т.б.

SIMPLINK функциясына қатысты мәлімет алу үшін теледидардың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

SIMPLINK функциясы бар LG теледидарында жоғарыда көрсетілген логотип болады.

**Ескерту**

- Құрылғының күйіне байланысты кейбір SIMPLINK әрекеттері мақсаттан өзгешеленуі немесе жұмыс істемеуі мүмкін.
- Осы блокпен бірге қосылатын теледидарға немесе ойнатқышқа қарай SIMPLINK амал Сіздің мақсатыңыздан ерекшеленуі мүмкін.

## ARC (Аудио қайтару каналы) функциясы

ARC функциясы HDMI мүмкіндігі бар ТД-ға дыбыс ағынын құрылғының HDMI OUT ұяшығына жіберуге мүмкіндік береді.

Бұл функцияны пайдалану үшін:

- Сіздің ТД HDMI-CEC және ARC функциясын қолдауы қажет және HDMI-CEC және ARC қосулы күйге орнатылуы тиіс.
- HDMI-CEC және ARC орнату тәсілі ТД байланысты өзгешеленуі мүмкін. ARC функциясына қатысты қосымша ақпаратты ТД нұсқаулығынан қараңыз.
- HDMI кабелі пайдалануы тиіс (A түрлі, Ethernet байланысы бар жоғары жылдамдықты™ кабель).
- Құрылғыдағы HDMI OUT ұяшығын ARC («Дыбыс сигналын қайтару арнасы») функциясын қолдайтын ТД-дағы HDMI IN ұяшығымен HDMI кабелі арқылы жалғауыңыз керек.
- ARC («Дыбыс сигналын қайтару арнасы») функциясымен үйлесімді ТД-ға тек бір дыбыс тақтасын қосуға болады.

### Ескерту

- Сіздің қай функция түрін пайдаланатыныңызға қарамастан теледидардан ARC сигнал шыққан кезде ARC функция бірден таңдалады.
- Сіз бұл құрылғының дыбыс үдеткіштері арқылы теледидардың дауысын тамашалай аласыз. Алайда, сіз теледидарлардың кейбір модельдерінде мәзірде көрсетілген теледидардың сыртқы үдеткіштерін тандауыңыз қажет. (Қосымша ақпараттар үшін Теледидарыңыздың нұсқаулығына назар аударыңыз.)
- Дыбысты осы құрылғы бойынша тыңдау үшін ТД-дың дыбыс шығысын орнатыңыз : ТД параметрі мәзірі → [Дыбыс] → [ТД дыбыс шығысы] → [Сыртқы үндеткіш (HDMI ARC)]
- ТД параметрі мәзірінің мәліметтері ТД өндірушілеріне немесе үлгілеріне байланысты өзгереді.
- АҚК функциясын пайдаланып жатқанда басқа функцияға өзгертсеңіз, АҚК функциясын пайдалану үшін, теледидар параметрлеріндегі АҚК параметрлерін қайта реттеу керек.

## HDMI туралы қосымша ақпарат

- HDMI немесе DVI үйлесімді құрылғысын қосу кезінде төмендегілерді тексеріңіз:
  - HDMI/DVI құрылғысын және осы плеерді өшіріп көріңіз. Содан соң, HDMI/DVI құрылғысын қосып, оны 30 секундтан астам уақытқа қалдырыңыз, содан соң осы бұйымды қосыңыз.
  - Қосылған құрылғының бейне кірісі осы құрылғыда дұрыс орнатылған.
  - Жалғанған құрылғы 720 x 576p (немесе 480p), 1280 x 720p, 1920 x 1080i ,1920 x 1080p немесе 4096 x 2160p бейне кірісімен үйлесімді.
- Кейбір HDCP-үйлесімді HDMI немесе DVI құрылғылар ғана осы ойнатқышпен істейді.
  - Сурет HDCP емес құрылғысында дұрыс бейнеленбейді.

### Ескерту


- Егер қосылған HDMI құрылғысы ойнатқыштың аудио шығысын қабылдамаса, HDMI құрылғысының аудио дыбысы бұрмалануы немесе шықпауы мүмкін.
- Қосылым орнатылғаннан кейін ажыратымдылықты өзгерту ақаулыққа себеп болуы мүмкін. Ақаулықты шешу үшін құрылғыны өшіріп, қайтадан қосыңыз.
- HDCP бар HDMI қосылымы тексерілмегенде, теледидар экраны қараға өзгертіледі. Бұл жағдайда, HDMI байланысын тексеріңіз немесе HDMI кабелін ажыратыңыз.
- Егер бейнебетте шулар немесе жолақтар болса, HDMI кабелін тексеріңіз (ұзындық әдетте 4.5 м-мен (15 футпен) шектеледі).
- Бейне шығысты HDMI IN режимінде өзгерте алмайсыз. Жалғанған құрамдастың бейне ажыратылымдығын өзгертіңіз.
- Компьютеріңіз HDMI IN ұяшығына жалғанғанда бейне шығару сигналы дұрыс жұмыс істемесе, компьютеріңіздің ажыратымдылығын 576p (немесе 480p), 720p, 1080i немесе 1080p өлшемдеріне өзгертіңіз.

# Қосымша жабдықты жалғау

## HDMI қосылымы

### Тек дыбысты тамашалау үшін

Дыбысты қосылған сыртқы жабдықтан тамашалауға болады.





Blu-ray диск ойнатқышына, DVD ойнатқышқа, т.б.

1. Құрылғының артқы жағындағы HDMI IN ұяшығын Blu-ray диск ойнатқышы, DVD ойнатқышы, т.б. секілді аудио HDMI OUT ұяшығына қосыңыз.
2. **F** түймесін қайта-қайта басу арқылы кіріс көзі үшін HDMI IN режимін таңдаңыз.

### Дыбыс пен суретті тамашалау

Дыбыс пен суретті қосылған сыртқы жабдықтан тамашалауға болады.





1. Құрылғының артқы жағындағы HDMI IN ұяшығын Blu-ray диск ойнатқышы, DVD ойнатқышы, т.б. секілді сыртқы құрылғының HDMI OUT ұяшығына қосыңыз.
2. Құрылғының артқы жағындағы HDMI OUT ұяшығын ТД-дағы HDMI IN ұяшығына қосыңыз.
3. **F** түймесін қайта-қайта басу арқылы кіріс көзі үшін HDMI IN режимін таңдаңыз.

**Ескерту**

- Жоғарыда көрсетілгендей, ТД сыртқы құрылғыларға және ТД-қа қосылған құрылғылармен бірге сурет пен дыбысты сыртқы құрылғылардан құрылғы HDMI IN күйінде өшіріліп тұрғанда шығарады.
- HDMI OUT ұяшығы теледидар байланысына арналған.
  Бірнеше арна құралға HDMI кабелі арқылы кірістелсе де, құрал тек 2 каналды теледидарға шығара алады.
- Бұл құрал өшіп тұрғанда, бірнеше арна аудио көздері өзгеріссіз өтеді.

## ОПТИКАЛЫҚ қосылу

Сыртқы құрылғының оптикалық шығу ұяшығын OPT. IN ұяшығына қосыңыз.




1. Құрылғының артқы жағындағы OPT. IN ұяшығын ТД-дың (немесе сандық құрылғының т.б.) оптикалық шығыс ұяшығына жалғаңыз.
2. **F** түймесін қайта-қайта басу арқылы кіріс көзі үшін OPTICAL режимін таңдаңыз.
3. Дыбысты тыңдаңыз.
4. OPTICAL режимінен шығу үшін **F** түймесін басыңыз.

**!** Ескерту

Оптикалық кабельді жалғамас бұрын, кабельдің қақпағы болса, қорғаныш бітеуіш қақпағын алып тастаңыз.

## ТАСЫМАЛЫ КІРІС байланысы





### Тасымалы Ойнатқышыңыздағы сазды тыңдаңыз

Құрылғыны көптеген түрдегі тасымалы ойнатқыштардан және сыртқы құрылғылардан өлең ойнату үшін пайдалануға болады.

1. Тасымалы ойнатқышты 3,5 мм стерео кабелінің көмегімен құралдың ТАСЫМАЛЫ КІРІС байланысына жалғаңыз.
2. ⏻ (Қуат) басып қосыңыз.
3. **F** түймесін қайта-қайта басу арқылы кіріс көзі үшін PORTABLE режимін таңдаңыз.
4. Тасымалы ойнатқышты не сыртқы құрылғыны қосып ойнатуды бастаңыз.

## USB қосылымы

USB жад құрылғысын құрылғының артқы жағындағы USB портына жалғаңыз.




USB-дегі ойналатын файлдар туралы аса толық ақпарат алу 20 бетке жүгініңіз.

USB құралын құрылғыдан алып шығу үшін

1. Басқа функцияны/режимді таңдаңыз.
2. USB құралын құрылғыдан алып шығыңыз.

## Сыйымды USB құрылғылары

- MP3 ойнатқыш : Флэш тұрпатты MP3 ойнатқышы.
- USB флеш дискісі : USB2.0 қолдайтын құрылғылар.
- Осы құрылғының USB жетесі кейбір USB құрылғыларына қолдау көрсетпейді.

## USB құрылғысының талаптары

- Компьютерге қосылған қосымша бағдарламаларды керек ететін құрылғылар қолданбайды.
- USB құрылғысын жұмыс кезінде шығармаңыз.
- USB дискінің сыйымдылығы үлкен болса, іздеуге бірнеше минуттан артық уақыт кетуі мүмкін.
- Деректер жоғалып кетпеу үшін барлық деректердің сақтық көшірмесін жасаңыз.
- Файлдардың жалпы саны 2 000 және одан көп болса, осы құрылғыға қолдау көрсетілмейді.

- Құрылғының USB порты жеке компьютерге қосылмайды. Бұл құрылғыны сақтау құрылғысы ретінде пайдалану мүмкін емес.
- Бұл құрылғыда Кеңейтілген exFAT файл жүйесі орын алмайды. (FAT16/FAT32/ NTFS жүйелері қолжетімді.)
- Кейбір құрылғыларға байланысты осы құрылғыда келесілерді анықтау қол жетімсіз болуы мүмкін.
  - Сыртқы ҚАТТЫ ДИСК
  - Карта жадын оқуға арналған құрылғы
  - Оқшауландырылған құрылғылар
  - USB құрылғысының қатты түрі
  - USB хаб
  - USB ұзартқыш сымжелісін қолдану
  - iPhone/iPod/iPad
  - Андроидтық құрылғы

## Ойнатылатын файл

**Іріктеу жиілігі**

MP3 : 32-дан 48 кГц-ке дейінгі шекте
WMA : 32-дан 48 кГц-ке дейінгі шекте
OGG : 32-дан 48 кГц-ке дейінгі шекте
FLAC : 32-дан 192 кГц-ке дейінгі шекте
WAV : 32-дан 48 кГц-ке дейінгі шекте


**Битрейт**

MP3 : 80-нен 320 кбит/с-қа дейінгі шекте
WMA : 56-нен 128 кбит/с-қа дейінгі шекте
OGG : 64-нен 500 кбит/с-қа дейінгі шекте
FLAC : 500-нен 5000 кбит/с-қа дейінгі шекте
WAV : 500-нен 5000 кбит/с-қа дейінгі шекте

- Ең көп файлдар: 1999-дан төмен
- Сандық құқықтарды басқару (DRM) арқылы қорғалған файл құрылғыда ойнатылмайды.
- USB сақтау құрылғысындағы бейне файлдар ойнатыла алмайды.
- Сіздің USB-құрылғыңыздың параметрлеріне тәуелді дұрыс ойнатылмауы мүмкін.

### Ескерту

- USB-дегі қалталар және файлдар төмендегідей танылады.




- Егер қалтада ешқандай файл болмаса, қалта пайда болмайды.
- Файл ♪① файлынан ♪⑩ файлына бір-бірден ойнатылады.
- Файлдар мен қалталар жазылған ретімен көрсетіледі және жазу жағдайларына сәйкес әртүрлі болып ұсынылуы мүмкін.
- Бұл құрылғы құрамында тек сандар немесе ағылшын таңбалары бар файл немесе қалта атауларын көрсетеді.
- *ROOT: компьютер USB-ді танығанкезде алғашқы көретін экран “ROOT” деп аталады.

# Негізгі жетелер

## USB әрекеті

1. USB құрылғысын USB портқа жалғаңыз.
2. **F** түймесін қайта-қайта басу арқылы кіріс көзі үшін USB режимін таңдаңыз.

| Осыны | Істеу үшін |
|---|---|
| Ойнату | ►/II басыңыз. |
| Кідірту | Ойнату кезінде, ►/II түймесін басыңыз. |
| Келесі/ алдыңғы файлға өтіп кету | Келесі файлға көшу үшін жаңғырту кезінде қашықтан басқару пультінде ►►I басыңыз. Алдыңғы файлға көшу үшін жаңғырту кезінде 2 секундтан кем уақыт аралығында қашықтан басқару пультінде I◄◄ басыңыз. Файлдың басына көшу үшін жаңғыртудан кейін 3 секунд бойы қашықтан басқару пультінде I◄◄ басыңыз. |
| Файл ішіндегі бөлікті іздеу | Ойнату кезінде I◄◄/►►I түймешігін басып ұстап тұрыңыз да, тыңдағыңыз келген жерден босатыңыз. |
| Қайталап немесе кездейсоқ ойнату | Қашықтан басқару пультіндегі **REPEAT** түймешігін қайта-қайта басыңыз, сонда бейнебет төмендегі ретпен өзгереді: OFF → ONE → FOLDER → ALL → RANDOM. |
| Қапшықты іздеу | Қашықтан басқару пультінде **FOLDER** +/— басыңыз. |
| Ойнатуды жалғастыру | Осы бөлшек функция өзгергенге немесе бөлшек ажыратылғанға дейін ойнатылған ағымды әнді еске сақтайды. |

**Ескерту**

- Жалғастыру жерін сіз сымды ажыратқанда немесе құрылғыдан USB құрылғысын алып тастағанда жоюға болады.
- Қайталау/кездейсоқ ойнату төмендегідей жұмыс істейді.

| Бейнебетте | Сипаттама |
|---|---|
| OFF | USB құрылғында әндерді ретімен ойнатады. |
| ONE | Бірдей әнді қайталап ойнатады. |
| FOLDER | Қалтадағы әнді қайталап ойнатады. |
| ALL | USB құрылғысындағы барлық әндерді қайталап ойнатады. |
| RANDOM | Әндерді кездейсоқ ойнатады. |

# Басқа әрекеттер

## DRC (Динамикалық ауқымды бақылау)

Дыбыс деңгейі азайғанда дауысты анық етіңіз және кенеттен дауыстың көтерілуінің алдын алыңыз (тек Dolby Digital). DRC функциясын пайдаланып [DRC ҚОСУ] күйін орнатыңыз.

## AV Sync (үндестіру)

ТД-дан аудио сигналдар алынған кезде, дыбыс пен сурет сәйкес келмеуі мүмкін. Осы жағдайда, осы жете кідіріс уақытын лайықтай алады.

1. **AV SYNC** басыңыз.
2. Кешігу мерзімін анықтау үшін I◄◄ / ►►I түймелерін жоғары немесе төмен жылжыту үшін қолданыңыз, ол 0 және 300 мс аралығын қамтиды.

**!** Ескерту

Бұл атқарым USB режимінде жұмыс істемейді.

## Дыбысты уақытша өшіре тұру

Құрылғыңыздың дауысын өшіру үшін (Дыбыссыз режим) түймесін басыңыз.

Телефонға жауап беру үшін дыбысты өшіре тұруға болады. Бейнебет терезесінде “MUTE” көрсетіледі.

Оны болдырмау үшін қашықтан басқару пультіндегі (Дыбыссыз режим) түймесін қайтадан басыңыз немесе дыбыс деңгейін өзгертіңіз.

## Файл және енгізу қайнар көзін көрсету

Кіріс көзі туралы түрлі ақпаратты көре аласыз. **REPEAT** түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.

USB : USB-дегі (MP3/WMA/OGG/FLAC/WAV) бар файл ақпараты

OPTICAL/ARC/HDMI IN : Аудио пішім, Аудиоарна

**BT** (**Bluetooth**) : Қосылған **Bluetooth** құрылғысының мекенжайы.

## Авто көмескілеу құралы

3 секундта ешқандай енгізілім жасалмаса, дисплей терезесі автоматты түрде көмескіленеді.

# Теледидарыңыздың қашықтан басқару пультін пайдалану

Осы құралдың кейбір функцияларын теледидарыңыздың қашықтан басқару пульті арқылы немесе басқа компанияның өнімі арқылы басқара аласыз. Басқарылатын функцияларға дыбыс деңгейін көтеру/азайту және дыбыссыз режимге қою жатады.

Қашықтан басқару құрылғысындағы INFO түймесін 3 секундтай басып, ұстап тұрыңыз. “ON - TV REMOTE” деген жазу шығады және осы құралды теледидарыңыздың қашықтан басқару құрылғысымен басқара аласыз.

Осы функцияның күйін тексеру үшін, INFO түймесін басып, ұстап тұрыңыз.

Бұл функцияны өшіру үшін, INFO түймесін басып, ұстап тұрыңыз және “ON - TV REMOTE” деген жазу шығып тұрғанда қайта басыңыз.

**! Ескерту**

- Қолдау көрсететін теледидар брендтері

| | | | |
|---|---|---|---|
| LG | Panasonic | Philips | Samsung |
| Sharp | Sony | Toshiba | Vizio |

- Теледидарыңыздың дауыс шығару шығысы [Сыртқы динамик] күйіне орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Қашықтан басқару пультіне байланысты бұл функция жақсы істемеуі мүмкін.
- Теледидарыңыздың кейбір басқару функциялары CEC, SIMPLINK және LG Sound Sync құрылғысы ҚОСУ күйіне орнатылғанда бұл функция жақсы істемеуі мүмкін.

## АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ӨШІРУ

Құрылғы электр тоқ көзін үнемдеу шарасында сыртқы құрылғымен байланыспағандықтан өшіріледі және 20 минут ішінде қолданылмайды.
Осы құрылғы да, негізгі құрылғы басқа құрылғыға аналогтық енгізу ұяшығы арқылы қосылған кезден алты сағат өткенде, өздігінен өшеді. (Мысалы: Тасымалы, т.б..)

## Сымсыз желі байланысын немесе сымсыз құрылғыны қалай ажыратуға болады

АВТОМАТТЫ ҚУАТТЫ ҚОСУ/ӨШІРУ функциясын өшірулі күйге орнатып, құрылғыны өшіріңіз.

## AUTO POWER қосу/өшіру

Бұл құрылғы мына кіріс көзі арқылы автоматты түрде қосылады : Оптикалық, LG TV немесе **Bluetooth**.

ТД-ды қосқанда немесе осы құрылғыға сыртқы құрылғыны қосқан кезде бұл құрылғы кіріс сигналын таниды және ыңғайлы функцияны таңдайды. Құрылғыңыздан шыққан дыбысты ести аласыз.

Bluetooth құрылғыңызды қосып көрсеңіз, бұл құрылғы қосылады және жұптастыру үшін дайын болады. Bluetooth құрылғыңызды қосыңыз да, музыканы ойнатыңыз.

Бұл жете **AUTO POWER** түймешігін басқан сайын қосылады және өшіріледі.

### Ескерту

- Құрылғы AUTO POWER функциясының көмегімен қосылғаннан кейін, LG дыбысты синхрондау (оптикалық/Сымжелісіз) арқылы қосылған теледидардан біраз уақыт сигнал шығарылмаса, ол автоматты түрде өшіріледі.
- Құрылғы AUTO POWER функциясының көмегімен қосылғаннан кейін, сыртқы құрылғыдан біраз уақыт сигнал шығарылмаса, ол автоматты түрде өшіріледі.
- Егер сіз құрылғыны тікелей өшіретін болсаңыз, ол кейін AUTO POWER функциясы арқылы қосылмайды. Дегенмен, 5 минут сигнал болмағаннан кейін оптикалық сигнал берілсе, құрылғыны AUTO POWER функциясы арқылы қосуға болады.
- Қосылатын құрылғыға байланысты бұл функция іске қосылмауы мүмкін.
- Егер Bluetooth қосылымын ажыратсаңыз, кейбір Bluetooth құрылғылары бұйымға үздіксіз қосылып көреді. Сондықтан, қосылымды бұйымды өшірместен бұрын ажырату ұсынылады.
- Егер AUTO POWER пайдаланғыңыз келсе, SIMPLINK өшірілуі тиіс. SIMPLINK қосу немесе өшіру үшін 30 секундтай уақыт кетеді.
- Бұл құралды алғаш рет қосып тұрсаңыз, Автоматты қуат функциясы қосулы күйге айналады.

# Функцияны автоматты түрде өзгерту

Бұл бұйым оптикалық, **Bluetooth** және LG TV сияқты кіріс сигналдарын таниды, одан кейін ыңғайлы функцияны автоматты түрде өзгертеді.

## Оптикалық сигнал келгенде

Осы құрылғыға оптикалық кабель арқылы қосылған сыртқы құрылғыныа қосқан кезде бұл құрылғы функцияны оптикалық функцияға өзгертеді. Құрылғыңыздан шыққан дыбысты есті аласыз.

## BLUETOOTH құрылғысына қосылып көргенде

Осы құрылғыға Bluetooth құрылғысын қосқыңыз келген кезде Bluetooth функциясы таңдалады. Bluetooth құрылғысындағы музыканы ойнатыңыз.

## LG TV сигналы келгенде

Осы құрылғыға Bluetooth құрылғысын қосқыңыз келген кезде Bluetooth функциясы таңдалады. Bluetooth құрылғысындағы музыканы ойнатыңыз.

**Ескерту**

- Оптикалық функцияға ауысу үшін сигналсыз 5 секунд қажет болады.
- Қосылған ТД, Blu-ray диск ойнатқышының, теледидар приставкасының немесе т.б. құрылғының SIMPLINK мүмкіндігі қосулы күйіне орнатылған немесе қосылған CEC қолдау көрсеткен құрылғы қосулы болса, бұл құрылғы функцияны оптикалық күйге өзгертпейді.
- Егер функцияны автоматты өзгертуді пайдалансаңыз, SIMPLINK функциясы өшірілуі керек. SIMPLINK функциясын өшіру үшін шамамен 30 секунд өтеді.

# LG Дыбысты Сәйкестендіру

Sound Sync Wireless

Сіз өзіңіздің теледидарыңыздағы LG Дыбысты сәйкестендіруі арқылы кейбір функцияларды басқара аласыз. Бұл LG теледидарының LG Дыбысты сәйкестендіруі арқылы жүзеге асады. Теледидарыңызда LG Дыбысты сәйкестендіру логотипі бар екендігіне көз жеткізіңіз.

LG теледидарының қашықтан басқару пультінен басқарылатын функциялар: дыбысты көтеру/азайту, тыныш.

LG Дыбысты сәйкестендіру туралы мағлұматтармен танысу үшін Теледидар нұсқаулығын қараңыз.


Сіздің жабдығыңызға байланысты келесі қосылымдардың бірін орындаңыз.

**Ескерту**

- Сіз LG Дыбысты Сәйкестендіру пайдаланумен қатар, осы құрылғыдағы қашық басқаруды қолдана аласыз. Егер сіз Теледидарыңыздың қашық басқаруын қайта қолдансаңыз, онда құрылғы Теледидармен синхрондалынады.
- Егер байланысу іске қосылмаған жағдайында, Теледидар күйі мен қоректендіруін тексеріңіз.
- Осы құрылғының күйі мен LG Дыбысты сәйкестендіруді пайдалану барысындағы төменде келтірілген жағдайларды тексеріңіз.
  - Құрылғы өшірілді.
  - Функцияны басқасына ауыстыру.
  - Оптикалық кабельді ажырату
  - Араласу немесе қашықтық салдарынан сымсыз қосылымның ажырауы.
- AUTO POWER функциясы ҚОСУ күйіне орнатылған кезде осы құрылғыны өшіру уақыты сіздің теледидарыңызға байланысты әртүрлі болады.
- Теледидарды баптау мәзірі туралы мәліметтер теледидардың үлгілеріне байланысты әр түрлі болады.

## Сымжелілік байланысу

1. LG ТД-ын оптикалық кабель көмегімен құрылғыға жалғаңыз.




2. Дыбысты осы құрылғы бойынша тыңдау үшін ТД-дың дыбыс шығысын орнатыңыз : ТД параметрі мәзірі → [Дыбыс] → [ТД дыбыс шығысы] → [LG Дыбысты сәйкестендіру (Оптикалық)]
3. Қашықтан басқару пультіндегі ⏻ (Қуат) түймесін басу арқылы құралды іске қосыңыз.
4. **F** түймесін қайта-қайта басу арқылы кіріс көзі үшін OPTICAL режимін таңдаңыз.

   Егер осы құрылғы мен өзіңіздің теледидарыңызды дұрыс қосқан жағдайында Сіз дисплей терезесінде "LG OPT" көре аласыз.

### Сымжелісіз байланысу

1. Қашықтан басқару пультіндегі ⏻ (Қуат) түймесін басу арқылы құралды іске қосыңыз.
2. **F** түймесін қайта-қайта басу арқылы кіріс көзі үшін LG TV режимін таңдаңыз.
3. Дыбысты осы құрылғы бойынша тыңдау үшін ТД-дың дыбыс шығысын орнатыңыз : ТД параметрі мәзірі → [Дыбыс] → [ТД дыбыс шығысы] → [LG Дыбысты сәйкестендіру (Сымжелісіз)].

   «PAIRED (Қосылған)» 3 секундт шамасында дисплей терезесінде пайда болады және содан кейін, егер осы құрылғы мен сіздің Теледидарыңыз дұрыс қосылған жағдайында Сіз «LG TV» дисплей терезесінде көре аласыз.

**!** Ескерту

Егер құрылғы ⏻ (Қуат) түймесін басу арқылы тікелей өшірілген болса, LG дыбысты синхрондау (Сымжелісіз) ажыратылады. Бұл функцияны қайта пайдалану үшін теледидар мен құрылғыны қайта жалғау керек.



# BLUETOOTH® технологиясын пайдалану

### Bluetooth туралы

**Bluetooth** – қысқа ауқымды байланысқа арналған сымсыз байланыс технологиясы.

Бірдей жиілікте жұмыс істейтін электронды толқындар болса немесе жанындағы бөлмелерде bluetooth құрылғылары қосылған болса олар дыбысқа кедергі келтіруі мүмкін.

**Bluetooth** сымсыз технологиясы арқылы жеке құрылғыларды қосу үшін ешқандай төлем алынбайды. Байланыс **Bluetooth** сымсыз технологиясы арқылы жасалған болса, **Bluetooth** сымсыз технологиясымен ұялы телефонды Cascade арқылы басқаруға болады.

Қолжетімді құрылғылар: ұялы телефон, MP3, ноутбук, PDA.

### BLUETOOTH профильдері

**Bluetooth** сымсыз технологиясын пайдалану үшін құрылғылар белгілі профильдерді таратуы тиіс. Бұл құрылғы келесі профильмен үйлесімді.

A2DP (Кеңейтілген аудио тарату профилі)

# Bluetooth құрылғыларында сақталған өлеңді тыңдау

## Құрылғы мен BLUETOOTH құрылғысын қосақтау

Қосақтау үрдісін бастау алдында Bluetooth құрылғысында Bluetooth жетесі қосылғанына көз жеткізіңіз. Bluetooth құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз. Қосақтау әрекеті орындалғаннан кейін, оны қайталау қажет емес.

1. **F** түймесін қайта-қайта басу арқылы кіріс көзі үшін BT (**Bluetooth**) режимін таңдаңыз.
   Көрсету терезесінде “BT” содан соң “BT READY” пайда болады.
2. Bluetooth құрылғысын пайдаланып, қосақтау әрекетін орындаңыз. Осы құрылғыны Bluetooth құрылғысы арқылы іздеу кезінде, табылған құрылғылардың тізімі Bluetooth құрылғысының түріне байланысты Bluetooth құрылғысының дисплейінде орын алуы мүмкін. Сіздің құрылғыңыз LG LAS550H (XX)/LG LAS551H (XX) ретінде пайда болады

**Ескерту**

- XX таңбалары **Bluetooth** мекенжайының соңғы екі санын білдіреді. Мысалы, егер құрылғыңыздың **Bluetooth** мекенжайы 9C:02:98:4A:F7:**08** болса, сіз **Bluetooth** құрылғыңызда LG LAS550H (**08**)/LG LAS551H (**08**) атауын көресіз.
- **Bluetooth** құрылғысының түріне байланысты, кейбір құрылғыларда жұптасу әдісі өзгеше болады. Қажет болса, PIN кодты (0000) енгізіңіз.
- Жоғарыда сипатталған тәсілді пайдаланып, осы құралды бірден 3 **Bluetooth** құрылғысына жалғай аласыз.
- Бірнеше жұптасқан байланыс процесі тек Android немесе iOS құрылғыларында орындалады. (Бірнеше жұптасқан байланыс жалғанған құрылғының сипаттамаларына байланысты орындалмауы мүмкін.)
- Шығарылатын/ажыратылатын **Bluetooth** құрылғысында (Мысалы: Dongle т.б.) бірнеше жұптасқан байланысты орындай алмайсыз.

3. Бұл құрал **Bluetooth** құрылғысымен сәтті жалғанған кезде, “PAIRED” жазуы дисплей терезесінде көрсетіледі және оны **Bluetooth** құрылғысының атына өзгертіңіз.

**Ескерту**

- Басқа құрылғыларды бірнеше жұптастыру функциясына қосқанда, “PAIRED” жазуы бірден дисплейден көрсетіледі.
- Құралда құрылғының атын көрсету мүмкін емес, "_" белгісі көрсетіледі.

4. Өлеңді тыңдау.
   **Bluetooth** құрылғысындағы өлеңді ойнату үшін **Bluetooth** құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

**Ескерту**

- **Bluetooth** технологиясын қолданған кезде, құрылғы мен **Bluetooth** құрылғысының арасында мүмкіндігінше жақын байланыс орнату және қашықтықты сақтау керек. Дегенмен ол келесі жағдайларда жұмыс істемеуі мүмкін:
  - Құрылғы мен **Bluetooth** құрылғысының арасында бөгет бар.
  - **Bluetooth** технологиясымен бірдей жиілікті пайдаланатын медициналық жабдық, микротолқынды пеш не сымсыз жергілікті желі құрылғысы сияқты құрылғы бар.
- Осы құрылғыны қайта қосқан кезде оған **Bluetooth** құрылғысын қайта жалғау керек.
- Құрал 3 **Bluetooth** құрылғысына жалғанған болса да, жалғанған құрылғылардың тек біреуін пайдаланып ойната аласыз және музыканы басқара аласыз.
- Бұл құрылғы бірнеше **Bluetooth** құрылғысына қосылған болса, функцияны басқасына өзгерткен кезде тек бір ойнатылып жатқан құрылғы **Bluetooth** қосылымын сақтап тұрады.

**Ескерту**

- Байланыс басқа электронды толқынмен шатасқан кезде дыбыс үзілуі мүмкін.
- Осы құрылғымен **Bluetooth** құрылғысын басқара алмауыңыз мүмкін.
- Құрылғы түріне байланысты **Bluetooth** функциясын пайдалана алмауыңыз мүмкін.
- Телефон, MP3, ноутбук, т.б. қолданып сымсыз жүйелерден рахат ала аласыз.
- Құрылғы мен **Bluetooth** құрылғысының арасында қашықтық қаншама үлкен болса, дыбыс сапасы соншама төмен болады.
- Құрылғы өшірілгенде және **Bluetooth** құрылғысы құрылғыдан алыс тұрғанда **Bluetooth** байланысы ажыратылады.
- **Bluetooth** байланысы ажыратылғанда, **Bluetooth** құрылғысын құрылғыға қайта қосыңыз.
- **Bluetooth** құрылғысы қосылмағанда, терезе дисплейінде “BT READY” көрсетіледі.
- Осы құралға **Bluetooth** құрылғысын (iOS құрылғысы және т.б.) қосқан кезде, дыбыс деңгейін бір-бірімен синхрондауға болады.

# BLUETOOTH қолданбасын пайдалану

**Ескерту**

Тек Android OS “Music Flow Bluetooth” қолданбасын осы құрал арқылы пайдалана алады.

## “Music Flow Bluetooth” бағдарламасы туралы

“Music Flow Bluetooth” қолданбасы осы құрылғыға жаңа мүмкіндіктер береді.

Көбірек мүмкіндіктерді тамашалау үшін, тегін “Music Flow Bluetooth” қолданбасын жүктеп, орнату ұсынылады.

## “Music Flow Bluetooth” қолданбасын Bluetooth құралыңызға орнатыңыз

“Music Flow Bluetooth” қолданбасын Bluetooth құрылғыңызға орнатудың екі жолы бар.

### “Music Flow Bluetooth” қолданбасын QR коды бойынша орнатыңыз

1. “Music Flow Bluetooth” қолданбасын QR коды арқылы орнатыңыз. QR кодын сканерлеу үшін сканерлеуге арналған бағдарламалық жасақтаманы қолданыңыз.

2. Орнату үшін белгішені түртіңіз.
3. Жүктеу үшін белгішені түртіңіз.

Ескерту

- **Bluetooth** құрылғысы Интернетке қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
- **Bluetooth** құрылғысының сканерлеу бағдармалық жасақтамасы бар екеніне көз жеткізіңіз. Егер ол болмаса, оны “Google Android Market (Google Play Store)”.
- Аймаққа байланысты QR коды жұмыс істемеуі мүмкін.

### “Music Flow Bluetooth” қолданбасын “Google Android Market (Google Play дүкені)” арқылы орнатыңыз

1. “Google Android Market (Google Play Store)” белгішесін түртіңіз.
2. Іздеу жолағында, “Music Flow Bluetooth” ішінде теріңіз және оны іздеңіз.
3. Bluetooth қолданбасын жүктеуді бастау үшін, Іздеу нәтижесі тізімінде “Music Flow Bluetooth” тауып, түртіңіз.
4. Орнату үшін белгішені түртіңіз.
5. Жүктеу үшін белгішені түртіңіз.

Ескерту

- **Bluetooth** құрылғысы Интернетке қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
- **Bluetooth** құрылғыңыз “ Google Android Market (Google Play дүкенімен)” жабдықталғанына көз жеткізіңіз.

## BLUETOOTH мүмкіндігін “Music Flow Bluetooth” қолданбасы арқылы іске қосыңыз

“Music Flow Bluetooth” қолданбасы bluetooth құрылғыңызды осы құрылғыға қосуға көмектеседі.

1. “Music Flow Bluetooth” қолданбасын ашу үшін, “Music Flow Bluetooth” қолданба белгішесін түртіңіз және негізгі мәзірге өтіңіз.
2. [Мәзір] түймесін басып, қалаған бөлімді таңдаңыз.
3. Басқару туралы көбірек мәлімет алғыңыз келсе, [Параметр] тармағын түртіп, Пайдаланушы нұсқаулығын қосыңыз.

Ескерту

- “Music Flow Bluetooth” қолданбасы бағдарламалық нұсқада келесідей қол жетімді болады;
  - Android O/S : Нұс 4,0.3 (немесе кейінгі нұсқалар)
- Егер сіз “Music Flow Bluetooth” бағдарламасын әрекет үшін қолдансаңыз, “Music Flow Bluetooth” бағдарламасы және жабдықталған қашықтан басқару пульті арасында өзгешілік болуы мүмкін. Керегіне қарай, қашықтан басқару пультін қолданыңыз.
- **Bluetooth** құрылғысына қарай, “Music Flow Bluetooth” бағдарламасы істемеуі мүмкін.
- “Music Flow Bluetooth” қолданбасының байланысынан кейін музыка құрылғыңыздан шығуы мүмкін. Бұл жағдайда, қосу процедурасын қайталаңыз.
- Егер басқа қолданбалар пайдаланса немесе “Music Flow Bluetooth” қолданбасын пайдалану барысында **Bluetooth** құрылғыңыздың параметрлерін өзгертсеңіз, “Music Flow Bluetooth” қолданбасы қалыпсыз жұмыс істеуі мүмкін.
- “Music Flow Bluetooth” қолданбасы қалыпсыз жұмыс істесе, **Bluetooth** құрылғыңызды және “Music Flow Bluetooth” қолданбасының байланысын тексеріп, қайтадан қосылып көріңіз.
- Смартфонның амалдық жүйесіне байланысты “Music Flow Bluetooth” жұмысында кейбір айырмашылықтар болады.
- **Bluetooth** байланысы қосылмаған болса да, функцияны өзгерткенде “Music Flow Bluetooth” бағдарламасын пайдалана аласыз.

# Дыбысты реттеу

## Дыбыстық әсерді орнату

Жүйеде алдын ала бапталған қоршаған дыбыс өрістері бар. **SOUND EFFECT** арқылы сіз қалаған дауыс режимін таңдай аласыз.

Көрсетілген элементтер, эквалайзерге дыбыс қайнар көздері мен әсерлеріне байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

| Бейнебетте | Сипаттама |
|---|---|
| STANDARD | Оңтайландырылған дыбыстан ләззат аласыз. |
| MUSIC | Үйлесімді және табиғи дыбыстан ләззат аласыз. |
| CINEMA | Иммерсивті және кинематографиялық дыбыстан ләззат аласыз. |
| FLAT | Теңгерілген дыбысты қамтамасыз етеді. |
| BOOST | Дыбыс күшейткішіне орташа ауқымды арттырады. |
| TREBLE / BASS | Сопрано және бас жиіліктерін күшейтеді. |

**!** Ескерту

- Кейбір дыбыс әсері режимдерінде, кейбір динамиктерде дауыс мүлдем болмайды немесе дауысы төмен болады. Ол дауыстың режиміне және аудионың алынған көзіне байланысты болады, ол ақаулық емес.
- Кірісті ауыстырғаннан кейін, кейде дыбыс файлы өзгертілгеннен кейін дыбыс әсері режимін қайта орнату керек болады.

## Дыбыс деңгейі автоматты түрде таңдалады

Осы құрылғы Автоматты түрде Дауысты баптау функциясын қамтамасыз ету себебінен дауыс деңгейін реттеуге болады.

Егер дауыс тым қатты немесе тым ақырын болса, онда қашық басқарудағы **AUTO VOL** батырмасын басыңыз. Осылайша сіз қажетті деңгей төңірегінде дауысты баптау арқылы ләззат аласыз.

Бұл функцияны жою үшін қайта батырманы басыңыз.

## Сопрано/Бас/Сабвуфер жиіліктерін реттеу

Сопрано, Бас және Сабвуфер жиіліктерінің дыбыс деңгейін қалағаныңызша реттей аласыз.

СОПРАНО/БАС: -5 дБ және 5 дБ

SUBWF (Сабвуфер): -20 дБ және 6 дБ

1. Сопрано, Бас немесе Сабвуфер жиіліктерін таңдау үшін, түймесін қайта басыңыз.
2. Press **VOL** +/— to adjust the sound level. Дыбыс деңгейін реттеу үшін, **VOL** +/— түймесін басыңыз.

## Түңгі режим

Түнде төменгі дыбыс деңгейінде бейнефильм қарағыңыз келгенде, бұл функция өте пайдалы.

Қашықтан басқару пультіндегі түймесін басыңыз. Осылайша Түңгі режимді қоса аласыз. Оны болдырмау үшін, түймесін қайта басыңыз.

# Ақаулықтарды жою

| Ақаулық | Жөндеу |
|---|---|
| Құрылғы дұрыс жұмыс істемейді. | • Осы құрылғының және қосылған сыртқы құрылғының (ТД, сабвуфер, DVD ойнатқыш, күшейткіш, т.б.) қуатын өшіріп, оны қайтадан қосыңыз.<br>• Осы құрылғының және қосылған сыртқы құрылғының (ТД, сабвуфер, DVD ойнатқыш, күшейткіш, т.б.) қуат сымын ажыратып, оны қайтадан қосып көріңіз.<br>• Құрылғы қуаты өшкенде алдыңғы қойылған параметр сақталмай қалуы мүмкін. |
| Қосылмаған | • Қуат сымы суырылған.<br>Қуат сымын қосыңыз.<br>• Басқа электрондық құрылғыларды іске қосу арқылы электр қуатын тексеріңіз |
| Дыбыс жоқ | • Дұрыс емес кіріс сигналы көзі таңдалды.<br>Кіріс сигналы көзін тексеріңіз және дұрыс кіріс сигналы көзін таңдаңыз.<br>• Дыбысты өшіру функциясы іске қосылған.<br>Дыбысты өшіру функциясын болдырмау үшін (Дыбыссыз режим) түймесін басыңыз немесе дыбыс деңгейін реттеңіз.<br>• Қосылымды сыртқы құрылғымен пайдаланған кезде (ТАП, Bluetooth құрылғысы, т.б.), құрылғының дыбыс деңгейін реттеңіз. |
| Төменгі жиілік динамигінен дыбыс шықпайды | • Вуфердің қуаттану сымы қосылмаған.<br>Сымның өзге шетін розеткаға мықтап жалғаңыз.<br>• Зорайтқыш және өнім арасындағы қосылым ажырап кеткен.<br>Бөлшекті сабвуферге жалғаңыз. (12-бетті қараңыз) |
| Дисплей жоқ | • DISPLAY OFF функциясы іске қосылған.<br>Функцияны болдырмау үшін **SLEEP** түймесін басыңыз. (22-бетті қараңыз) |
| Қашықтан басқару пульті дұрыс істемейді. | • Қашықтан басқару пульті құрылғыдан тым алыс.<br>Қашықтан басқару пультін шамамен 7 м қашықтықтан пайдаланыңыз.<br>• Қашықтан басқару пульті мен құрылғы арасында кедергі бар.<br>Кедергілерді алып тастаңыз.<br>• Қашықтан басқару пультіндегі батареялардың заряды таусылған.<br>Батареяларды жаңасымен ауыстырыңыз. |
| AUTO POWER жетесі жұмыс істемейді. | • ТД, DVD/Blu-Ray ойнатқышы немесе Bluetooth құрылғысы сияқты сыртқы құрылғының қосылымын тексеріңіз.<br>• SIMPLINK күйін тексеріңіз және SIMPLINK өшіріңіз.<br>• Қосылатын құрылғыға байланысты бұл функция іске қосылмауы мүмкін. |
| LG Дыбысты Синхрондау функциясы жұмыс істемейді. | • LG ТД LG Дыбысты Синхрондау функциясын қолдайтынын тексеріңіз.<br>• LG Дыбысты Синхрондау (Оптикалық немесе сымжелісіз) функциясының қосылымын тексеріңіз.<br>• ТД және осы құрылғының дыбыс параметрін тексеріңіз. |

| Ақаулық | Жөндеу |
|---|---|
| Құрылғыдан шығатын дыбыс төмен деп сезгенде. | Төмендегі параметрлерді тексеріп құрылығыны соларға сәйкес баптаңыз.<br>• ТД-мен қосылған дыбыс тақтасымен AUDIO DIGITAL OUT (САНДЫҚ ДЫБЫС ШЫҒЫСЫ) параметрін ТД-дың орнату мәзірінде [PCM] күйінен [AUTO] не [BITSTREAM] күйіне ауыстырыңыз.<br>• Ойнатқышпен қосылған дыбыс тақтасымен AUDIO DIGITAL OUT (САНДЫҚ ДЫБЫС ШЫҒЫСЫ) параметрін Ойнатқыштың орнату мәзірінде [PCM] күйінен [PRIMARY PASS-THROUGH] не [BITSTREAM] күйіне ауыстырыңыз.<br>• Ойнатқыштың орнату мәзірінде Аудио DRC параметрін [OFF] күйіне ауыстырыңыз. |

# Сауда белгілер мен лицензиялар

Барлық басқа сауда белгілері тиісті иелерінің сауда белгілері болып табылады.

Dolby Laboratories компаниясының лицензиясы бойынша жасалған. Dolby және қос D таңбасы Dolby Laboratories компаниясының сауда белгілері болып табылады.

DTS патенттері үшін, http://patents.dts.com сайтын қараңыз. DTS Licensing Limited лицензиясы бойынша өндірілді. DTS, Symbol, & DTS пен Symbol екеуі тіркелген сауда белгілері, және DTS Digital Surround DTS, Inc. ©DTS, Inc. компаниясының сауда белгісі. Барлақ құқықтар қорғалған.

**Bluetooth** сымсыз технологиясы - электрондық құрылғылар арасында радио байланысын орнатуға мүмкіндік беретін жүйе.

**Bluetooth** сымсыз технологиясына қатысты жеке құрылғыларды қосу ешқандай шығым талап етпейді. Байланыс **Bluetooth** сымсыз технологиясы арқылы жасалған болса, **Bluetooth** сымсыз технологиясымен ұялы телефонды Cascade арқылы басқаруға болады.

**Bluetooth** белгісі мен лого **Bluetooth** SIG, Inc.тиесілі және LG Electronics сондай белгілерді лицензия бойнша пайдаланады under license.

Басқа сауда белгілері мен сауда аттары олардың иелеріне тиесілі.

HDMI, HDMI ентаңбасы және анықтығы жоғары мультимедиа тілдесуі HDMI лицензиясын иеленетін ЖШҚ сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері болып табылады.

# Сипаттамалар

| Жалпы (LAS550H/LAS551H) | |
|---|---|
| AC адаптер талаптары | Құрылғыдағы басты зат белгіге қараңыз. |
| Электр қуатының қолданылымы | Құрылғыдағы басты зат белгіге қараңыз. |
| | Желілік күту режимі : 2.5 W<br>(Егер барлық порттар қосылған болса.) |
| Өлшемдер (Е x Б x Т) | 890 мм X 51 мм X 85 мм |
| Нетто салмағы (Шамамен) | 1,86 кг |
| Жұмыс температурасы | 5 °C - 35 °C |
| Іске қосу ылғалдығы | 5 % - 90 % |

| Кірістер/Шығарулар | |
|---|---|
| OPT. IN | 3 В (p-p), оптикалық ұяшық x 1 |
| PORT. IN | 0,5 Vrms (3,5 мм.стерео ұяшық) x 1 |
| HDMI IN | 19 істікті (A түрі, HDMI™ Connector) x 1 |
| HDMI OUT | 19 істікті (A түрі, HDMI™ Connector) x 1 |
| Сандық кірістің қолжетімді аудио үлгілеу жиілігі | 32 кГц, 44,1 кГц, 48 кГц, 96 кГц |

| USB | |
|---|---|
| Нұсқа | 2,0 |
| Шина Қуаттану блогы | 5 V ⎓ 500 mA |

| Радио күшейткіш | |
|---|---|
| Барлығы | 320 Вт |
| Алдыңғы орта таразы/дауыс зорайтқыш | 40 W x 2 (4 Ω at 1 kHz) / 20 W x 2 (8 Ω at 12 kHz) |
| Сабвуфер | 200 Вт (3 Ω - 80 Гц) |
| THD | 10 % |

| Сымсыз сабвуфер (S54A1-D) | |
|---|---|
| Қуат талаптары | Сабвуфердегі басты зат белгіге қараңыз. |
| Электр қуатының қолданылымы | Сабвуфердегі басты зат белгіге қараңыз. |
| Түрі | 1 жолды 1 үндеткіш |
| Импеданс | 3 Ω |
| Номиналды енгізу күші | 200 Вт |
| Кіретін ең жоғары электр қуаты | 400 Вт |
| Өлшемдер (Е x Б x Т) | 171 мм X 390 мм X 261 мм |
| Нетто салмағы (Шамамен) | 5,6 кг |

| Bluetooth | |
|---|---|
| Codec | SBC |

- Құрылымы мен сипаттамалары ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

# Техникалық қызмет көрсету

## Құрылғыны қолдану

### Құрылғыны тасымалдаған кезде

Бастапқы жеткізу қорабын немесе орайтын материалдарын сақтап қойыңыз. Егер құрылғыны тасымалдау керек болса, өте жоғары қорғаныс үшін құрылғыны зауытта қапталғандай етіп қайта ораңыз.

### Сыртқы беттерін таза ұстау

- Құрылғы маңайында инсектицид шашқышы сияқты буланғыш сұйықтықтарды пайдаланбаңыз.
- Қатты күш салып сүрту сыртқы қабатын зақымдауы мүмкін.
- Резеңке немесе пластмасса өнімдердің құрылғыға ұзақ жанасып тұруына жол бермеңіз.

### Құрылғыны тазалау

Құрылғыны тазалау үшін құрғақ шүберек қолданыңыз. Егер беткейлері қатты лас болса, жұмсақ жуғыш зат ерітіндісімен аздап суланған жұмсақ шүберекті қолданыңыз. Спирт, бензин немесе сұйылтқыш сияқты күшті ерітінділерді қолданбаңыз, олар құрылғының бетін зақымдауы мүмкін.


LG
Life's Good